ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№78
(2456)
Сенбі
3 қазан
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ АРДАГЕР ҰСТАЗДАРДЫ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай ауданның білім беру саласында жемісті еңбек еткен ардагер ұстаздарға арналған мерекелік шара өтті.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ұлағатты ұстаздарды Халықаралық қарттар күні және алда келе жатқан және ұстаздар күні мерекесімен құттықтап, білім саласының дамуына қосқан айрықша үлестері үшін алғысын білдірді.

– Қазақ: «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» дейді. Ұстаздық – жай ғана мамандық емес, ұлт болашағына қызмет ету. Сіздер, осы ұлы жолда талай жыл тер төгіп, мыңдаған шәкіртке білім беріп, олардың өмірден өз орнын табуына бағыт-бағдар бердіңіздер. Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің және облыс әкімінің қолдауымен өңірдегі білім беру саласына ерекше көңіл бөлініп келеді. Биылдың өзінде аудандағы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жағдайын жақсарту мақсатында 6 мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында оқушыларымыз халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі білім бәсекелерінде топ жарып, үздік атануда. Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан 943 оқушының 531-і мемлекеттік грант иегері атанды. Мұның барлығы – оқушылардың жетістігі ғана емес, олардың артында тұрған ата-аналар мен ұстаздардың еселі еңбегінің нәтижесі. Сіздерді қазан айындағы қос мерекемен шын жүректен құттықтаймын және дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін. Шәкірттеріңіздің жетістігін көріп, ұрпақтарыңыздың қызығына бөленіп, елдің құрметіне бөленіп жүре беріңіздер! Қазалының қазыналы қариялары, ардагер ұстаздарының абыройы әрдайым биік болсын, – деді Алмасбек Әбілқасымұлы.



Мұнан кейін аудан басшысы ауданның білім саласының дамуына зор үлес қосқан бірқатар ардагер ұстаздарға мерекелік құттықтау табыстап, камзол мен жаулық жауып, құрмет көрсетті.

Мерекелік басқосуда аудандық білім саласы ардагерлер ұйымының төрағасы, ардагер ұстаз Серік Қуанышбаев, «Құрмет белгісі» орденінің, Ы.Алтынсарин және «Ерең еңбегі үшін» медальдарының иегері, білім беру ісінің үздігі Күләш Мергенбаева құттықтау сөз сөйлеп, мерекелік тілегін жеткізді.

Кәсіби мереке аясында ұйымдастырылған іс-шарада ардагер ұстаздар сөз алып, құрмет көрсеткен аудан әкімі мен білім саласының басшылығына ризашылықтарын білдірді. Ардагер ұстаздардың құрметіне арналған шарада концерттік бағдарлама орындалып, ардагерлерге аудан әкімінің мерекелік сыйлықтары табысталды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

Баспасөз - 2027

2027 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2027 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін атап айтамыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

ЕГІН ЖИНАУ НАУҚАНЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте егін жинау науқанының барысы талқыланды.

Мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысты. Мәжілістен кейін тиісті сала басшыларына аймақ басшысының тапсырмаларына сәйкес нақты міндеттер жүктелді.

Биыл аудан бойынша 12475 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған. Оның 2447 гектары күріш алқаптарына тиесілі. Бүгінгі күнге күріштің 809 гектары 33,1 пайызы дестеге салынып, орташа өнімділігі гектарына 35 центнерді құрап отыр.

Аудан әкімі егін жинау жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтап, жиналған өнімді ысырапсыз қамбаға құюды тапсырды. Сонымен қатар, келесі жылға егіс көлемін жоспарлап, су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу, ауыл шаруашылығы құрылымдарымен бірлескен жұмысты күшейту қажеттігін атап өтті.

Мәжілісте аяқ суға берешекті өтеу мәселесіне де назар аударылды. Аудан бойынша шаруа қожалықтары мен жекелеген ауылдық округтердің аяқ суға берешегі 128,3 млн. теңгені құрайды. Осыған байланысты жауапты тұлғаларға берешекті өндіріп алу жұмыстарын жандандыру, келесі суару маусымына дейін қарыздарды өтеуді қамтамасыз ету тапсырылды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе ағымдағы жылдың 9 айында жер қатынастары саласында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер қаралды.

Жыл басынан бері 10644 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылған. Сонымен қатар, 2022–2025 жылдары мемлекет меншігіне қайтарылған 72,5 мың гектар жердің 56 646,9 гектары қайта айналымға енгізілген.

Жерді тиімді әрі мақсатты пайдалану, мемлекетке қайтарылған жерлерді қайта айналымға енгізу, игерілмей жатқан учаскелерді анықтау, бос мемлекеттік жерлерді аукционарқылы айналымға қосу және жайылымдық жерлерді тиімді пайдаланудағы жұмыстардың барысы талқыланды.

Аудан әкімі жер қатынастары саласындағы жұмыстарды заң талаптарына сәйкес жүргізіп, жер учаскелерінің мақсатты әрі тиімді пайдаланылуына тұрақты мониторинг жүргізуді тапсырды.

Мәжіліс соңында ауданның санитарлық тазалығы мен абаттандыру жұмыстарының қазіргі жағдайы қаралып, Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласында анықталған кемшіліктерді жою бойынша жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар берілді.

Аудан басшысы мәжілісте берілген тапсырмалардың белгіленген мерзімде және сапалы орындалуы қатаң бақылауында болатынын ескертті.

АРДАГЕРЛЕРГЕ АҚЖАРМА ТІЛЕГІН БІЛДІРДІ

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов, Қазалы ауданының Құрметті азаматы Қасқырбай Әлімбаймен бірге ардақты аға буын өкілдерінің шаңырақтарына арнайы барып, мерекемен құттықтады.



Алдымен аудан басшысы Қазалы қаласында тұратын Алқожаев Нұржан ақсақал мен Шолпан Тұрымбетованың шаңырақтарына барып, өнегелі өмір жолдарымен танысып, ақжарма тілегін білдірді.

Нұржан ақсақал 1963 жылдан бастап Қазалы ветеринариялық станциясында малдәрігері болып, 45 жыл бойы абыройлы еңбек етті. Құрметті зейнеткерлікке шыққан ардагер 2 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірді. Бүгінде 11 немере мен 15 шөберенің қызығын көріп отырған бақытты ата.

Ал Тұрымбетова Шолпан апа ғұмырын маңдай термен өріп, үш қыз тәрбиелеп, өмірдің талай сынағына қайсарлықпен төтеп берген ардақты ана. Қазалы қаласындағы туберкулез ауруханасының рентген бөлімінде 17 жылдан астам уақыт санитарка болып еңбек етіп, 1991 жылы зейнеткерлікке шыққан. Бүгінде балалары мен немере, шөберелерінің ортасында берекелі ғұмыр кешіп отыр.

Бұдан кейін аудан әкімі Әйтеке би кентінің тұрғындары, ардагерлер: Оразымбетов Жайылхан ақсақал мен Тұманбаева Күнипа апайдың шаңырақтарына арнайы барды.

1943 жылы туған Жайылхан ақсақал ұзақ жылдар теміржол саласында машинист болып еңбек етіп, құрметті еңбек демалысына шыққан. Бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген ардагер бүгінде 7 немере, 6 шөберенің сүйікті атасы.

Ал 1939 жылы дүниеге келген Күнипа апай 10 перзент тәрбиелеп өсірген, «Алтын алқа» иегері. Бүгінде 11 немере, 18 шөберенің ортасында ұрпағының қызығын көріп отырған аяулы ана.

Кездесуде аудан әкімі ардагерлерге аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлының құттықтауын жеткізіп, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларына амандық пен береке тілеп, олардың елге сіңірген еңбегі мен кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегесі қашанда құрметке лайық екенін атап өтті.

Сондай-ақ, ардагерлерге аудан әкімінің арнайы құттықтауын табыстап, иықтарына шапан жауып, аналарға камзол мен жаулық жауып, арнайы сыйсияпат көрсетті.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ОБЛЫСТЫҚ БАСҚАРМА БАСШЫСЫНЫҢ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ



Қазалы ауданына жұмыс сапарымен Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы Исламбек Тынарбайұлы Төлегенов келді.

Басқарма басшысының жұмыс сапары аясында мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарын пысықтауға арналған арнайы мәжіліс өтті.

Жиынға аудандық шақыру комиссиясының мүшелері, медициналық комиссия өкілдері, аудандық қорғаныс істері жөніндегі, полиция бөлімдері мен денсаулық сақтау саласының жауапты мамандары, сондай-ақ, Қазалы қаласы мен Әйтеке би кентінің әкімдері, әскери есеп мамандары қатысты.

Мәжіліске аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев төрағалық етіп, облыстық басқарма басшысын жиынға қатысушыларға таныстырды.

Қазалы ауданында 2026 жылдың көктемгі әскерге шақыру науқанына 79 азамат жіберіліп, тапсырма толық орындалған. Ал күзгі шақыру науқанына төтенше жағдайлар қызметі мен Қарулы Күштерді қоспағанда, 58 азаматты әскери қызметке жіберу жоспарланған. Шекара қызметіне 18, Ұлттық ұланға 39, Мемлекеттік күзет қызметіне 1 азамат.

Қазіргі таңда 364 азаматқа қолма-қол шақыру қағазы таратылып, «1414» бірыңғай байланыс желісі арқылы хабарламалар жіберілген. Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін аудандық полиция бөліміне 29 азаматтың тізімі жолданып, оның 5-еуі шақыру пунктіне жеткізіліп, тиісті хаттамалар толтырылған.

Жиында облыстық басқарма басшысы Исламбек Төлегенов әскерге шақыру жұмыстарын ұйымдастыру, азаматтарды медициналық тексеруден өткізу, шақыру тәртібін сақтау және тиісті органдардың өзара іс-қимылы жөнінде сөз сөйлеп, жауапты мамандарға бірқатар міндеттер жүктеді.

Басқарма басшысы жұмыс сапары кезінде Қазалы ауданындағы әскерге шақыру пунктінің жай-күйімен танысып, нысанның дайындық барысын көрді.

Мәжіліс соңында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, әскерге шақыру науқанын сапалы әрі белгіленген мерзімде өткізуде тиісті жұмыстарды жалғастыру тапсырылды.

«ОТЫЗ ҰЛЫҢ БОЛҒАНША...»: ҚАЗАЛЫДА ТАҒЫЛЫМДЫ ҚОЙЫЛЫМ САХНАЛАНДЫ

Қазалы ауданында Нартай Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрының гастрольдік сапары аясында халық жазушысы Флорид Буляковтың «Отыз ұлың болғанша...» атты мұңды комедиялық қойылымы сахналанды.

Қойылымды қазалылық көрермендер жылы қабылдап, театр өнерпаздарының кәсіби шеберлігіне жоғары бағасын берді.

Шығармада өмірдің сан қилы өткелінен өткен, қартайған шағында жалғыздықтың зардабын тартқан төрт кейуананың тағдыры арқылы адамға ең қажетті мейірім, жанашырлық, жылылық пен адамдық қарым-қатынастың қадірі көркем жеткізілді. Қойылым күлдіре отырып ойландырып, мұңайта отырып адамдық құндылықтарды тереңірек сезінуге мүмкіндік берді.



Қойылым соңында аудан әкімі Алмасбек Есмаханов сөз сөйлеп, Нартай Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрының шығармашылық ұжымына аудан жұртшылығы атынан ризашылығын жеткізді.

Аудан басшысы өз сөзінде қойылымның мазмұнына тоқталып, жалғыздық, қарттық, отбасы, адамдық парыз секілді маңызды мәселелердің сахна арқылы шебер жеткізілгенін атап өтті.

Бибіхан рөлін жоғары деңгейде сомдаған, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Қазалы ауданының Құрметті азаматы Камила Әбжанова барша өнерпаздарға алғысын білдірді.

Қазалы көрерменіне мазмұнды қойылым ұсынып, рухани кеш сыйлағаны үшін алғыс айтып, шығармашылық табыс тіледі. Нартай Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрының ұжымына Алғыс хат табыстады.

Қойылымнан кейін өнерпаздар қазалылық көрерменнің ыстық ықыласы мен зор қошеметіне бөленді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ТАЗА ҚОҒАМ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Сыбайлас жемқорлық – бұл жай ғана құқық бұзушылық немесе экономикалық мәселе емес. Бұл азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін жегідей жейтін, инфрақұрылымның дамуын баяулататын және әрбір адамның өмір сүру сапасын төмендететін жасырын вирус. Бюджет қаражаты "көлеңкеге" кеткенде, денсаулық сақтау мен білім беруден бастап шағын бизнеске дейін барлығы ұтылады. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл негізгі ұлттық басымдықтардың біріне айналды.

Жазалаудан - жүйелі профилактикаға. Ұзақ уақыт бойы қатаң қылмыстық жаза сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты құралы болып саналды. Дегенмен, заманауи тәсіл тек салдарымен емес, себептерімен де күресу керектігін дәлелдеп отыр. Бүгінгі күні ашықтық пен цифрландыруға басты назар аударылуда. Анықтамалар беру, жер телімдерін бөлу, тендерлер өткізу немесе жәрдемақыларды рәсімдеу кезінде "адам факторы" неғұрлым аз болса, пара талап ету қаупі де соғұрлым төмендейді. Мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты біршама азайтты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның үш тірегі:

1)Цифрландыру және деректердің ашықтығы. Электрондық сатып алулар, ашық бюджеттер және шенеуніктердің кірістері туралы ақпараттың қолжетімділігі қаражатты жасырын игеруді мүмкін емес етеді.

2) Жауапкершілікті күшейту. Мүлікті тәркілеу, мемлекеттік қызметте жұмыс істеуге өмірлік тыйым салу және нақты мерзімге бас бостандығынан айыру заң бұзған әрбір адамды күтіп тұр.

3) Мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру. Заңдар қоғамның өзі "ескі ережелермен" өмір сүруден бас тартқанда ғана барынша тиімді жұмыс істейді.

Біз сыбайлас жемқорлықты жоғары кабинеттерде болатын нәрсе ретінде қабылдап, оның кішкентай қадамдардан - мәселені "жылдам шешуден", қызмет үшін "алғыс" беруден немесе заңбұзушылыққа көз жұмудан - басталатынын ұмытып кетеміз.

Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік жеке таңдаудан басталады. Пара бермеу және алмау, бопсалау фактілері туралы ашық хабарлау, ресми арналар мен сенім телефондарын пайдалану — бұл жай ғана азаматтық борыш емес, әділетті қоғам құрудың жалғыз мүмкіндігі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес — бұл біржолғы акция емес, күнделікті ортақ еңбек. Мемлекеттің, құқық қорғау органдарының және әрбір азаматтың күш-жігерін біріктіре отырып қана біз адалдық - өмірдің жалғыз қалыпты нормасына айналатын ортаны құра аламыз.

Оңталап МҮСІЛІМ,
«Қызылқұм» ауылдық округінің әкімі

ҚЫЗҒАНЫШ, КҮНШІЛДІКТЕН АУЛАҚ БОЛАЙЫҚ, АҒАЙЫН!

Алла тағала адамға қызғаныш сезімін босқа бермеген. Кішкентай бала ата-анасын,ойыншықтарын қызғанады. Демек, бұл әр адамның табиғатында бар қасиет. Қызғанышты орнымен қолдансаң, ол-қорғаныш. Анаңды, жарыңды,қызыңды,қарындасыңды арам пиғылды еркектерден қызғану-адам қасиеті. Ал, бойында мұндай қызғанышы өлген адам ар-намыстан жұрдай деген сөз.

Отаныңды, жеріңді, қазақ руханитын басқа жұрттың басып жаншуынан қызғану ұлы қорғанысқа жатады. Қызғаныш қасиетінен айырылған халықтың ең әуелі ұлтына деген махаббаты жойылады. Өйткені махаббат пен қызғаныш құстың қос қанаты іспеттес. Бірі жоғалса, екіншісі табиғи жолмен санадан ығысып, бойдан шығып кетеді. Сөйтіп, махаббатпен қызғанышы құрыған жұрт табиғи адалдығынан айырлады. Қоғамда әділетсіздік пен пайдакүнемдік үстемдік құрады, жойдасыз қиянат басталады.

Бүгінгі қазақ халқының мыңдаған жылдар жер бетінен жойылып кетпей, осы ғасырға аман жетуі бойындағы қызғаныш қасиетін сақтай білуінде. Мысалы: жырау Дулат Бабатайұлы «Ақжайлау мен Сандықтас » атты жырында! «Атамның қонған қонысы, Аққан бұлақ сай-салаң, шытырман «Тоғай сені қызғанар, бауырыңда өскен бай-балаң, Көл қорыған қызғштай, сен десе салам байбалам»-деп жырласа, қаламгер Сафуан Шаймерден «Ит ашуы» хикаясында былай,- деп жазады. «Лезбай атты қойшы күзеуге көшіп бара жатып, қара тонын жұртта қалдырады. Қойшының «Марғау» деген ақылды иті жұртта қалған тонды айналшықтап кете алмай елсіз далада қала береді. Қарлы боранда тастың ығын паналап, аш бөрілермен алысып, небір мехнат кешеді. Сөйтіп, жыртық тонды қорғап, бес ай арпалысады. Аңға шыққан біреу жолықпағанда, ақылды ит қу далада қара тонды басқадан қызғанып жата берер ме, кім білсін?»

Қазақстанның жер асты қазба байлықтарын картаға түсіру ісіне Қаныш Имантайұлы Мәскеудің тікелей тапсырмасымен тағайындалады. Сәтбаев төрт-бес ірі кен орындарын әдейі картаға түсірмей, жасырып қалады. Оның себебін сұраған орыс ғалымдарына: «Мұндағы кеніш тым тереңде жатыр. Оны өндіру үшін мол қаражат пен техника керек. Оны өндіретін уақыт әлі алыста»,-деп жауап береді. Кейін өзінің сырластары саналған Әлкей Марғұлан мен Мұхтар Әуезовке:

-Әлгі кен орындарын әдейі картаға енгізбедім, ұрпақтарымызға да байлық керек шығар,- деп ағынан жарылған екен. Міне, бұл дұрыс бағыттағы қызғаныш.

Ал, қызғаныш сезімін жөнсіз қолданып, басқаның жеткен жетістігін, жинаған байлығы мен атақ мансабын күндеу-үлкен күнә, жаман қылық.

1990 жылы шілдеде Шәуілдірдің аудандық Мәдениет үйінде мерей той жиын өтіп жатқан еді. Шәмшіге залдағылардан көптеген сұрақтар кеп түсті, солардың біреуінде; «Шәмші аға! Шығармашылық жолыңызда сізді ренжіткендер болды ма?»,- депті.

Шәмші елең етті. Ойланып қалды. Оны кімдер ренжітпеді? Кімдер кедергі жасамады? Мені біреу бақытты етті десем, оным өтірік. Ешкім ренжітпеді деген оным да өтірік.

-Мен өз өмірімде қанша ән салсам, сонша жылаған болуым керек. Солардың ішінен есімнен кетпейтіні: Қазақ радиосын басқарған бір жігіт сіздер ұнатып айтатын «Арыс жағасында» мен «Бақыт құшағындағыны» қабылдатпай, сол әндердің бағын байлағысы келгені. Соны ұмыта алмаймын,- депті Шәмші аға.

Кейінгі өмірден өткен ақындарымыз; Қасым Аманжолов, Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаев, Жұмекен Нажімеденов, балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаев сынды ақын, жазушыларымызды, дарындыларымызды күншілдікпен ауруға шалдықтырып, ақырында қайтпас сапарға мезгілсіз аттанып кете барды.

Елім деп, жерім деп сонау түрік жерінен келген, таеквондо өнерінің қас шебері, алтыншы дан иегері, көп киноларға түсіп, атағы мәлім болған Мұстафа Өзтүріктіде орға жықтық. Туркиядан спортшыларды ала келіп, әр облыста таеквондо спортын дамытам деген болатын. Қәзір Аллаға шүкір оның ізбасарлары бар. Елімізде таеквондо спорты өркендеп келеді.

Сондықтан, кез келген нығымет, атақ-мансап уақытша. Олай болса өтпелі пәни нәрсе қызғануға тұрмайды.Қызғаныш, күншілдік, көреалмаушылықтан аулақ болайық ағайын!

Жеткербай МАХАМБЕТ,
ардагер ұстаз

Маманның кеңесі

САПАЛЫ ТАҒАМ ТҰТЫНЫҢЫЗ!

Халықты сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету қазіргі таңдағы басты өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан аурудың алдын-алу, халық денсаулығын нығайту отандық денсаулық сақтау саласының басты бағыттағы жұмыстары. Бұл бағыттағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы негізгі шара-халықтың қауіпсіз тағаммен тамақтануы болып табылады. Дұрыс тамақтанбау, тағам сапасының төмен болуы көптеген ішек ауруларының туындауына, бала тууының төмендеуіне, адамның өмір жасының қысқаруына, өлім-жітімнің көбеюіне әкеліп соғады.

Азық-түлік шикізаты, олардан өңделген өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігі – Қазақстан халқының салауатты тамақтану саласындағы мемлекет саясатының концепциясын іске асыру жөніндегі басым бағыттардың бірі. Азық-түлік тауарларының сапасын қалыптастырудың негізгі ұстанымдары олардың қауіпсіздігі, екенін атап кеткен жөн. Өнімнің сыртқы түріне, органолептикалық көрсеткіштері, қаптамасы, сапасы туралы тұтынушыға арналған ақпаратқа және өнімнің қолданылу бағытына үлкен мән беріледі.

Азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдерінің сапасын және қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету жұмыстары өндірістік, мекемелік, мемлекеттік және қоғамдық деңгейлерде жүзеге асырылады. Сапаны бақылауды қамтамасыз етудің маңызды құралына өнімді таңбалау жатады. Бұл тұрғыда оны Еуропа және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес өзгерту қажеттілігін атап кеткен жөн. Қарастырылып отырған проблеманы шешуде, басыңқы (приоритетті) ластағыштармен олардың түсу деңгейін анықтау мақсатында, азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдерінің химиялық, биологиялық текті ксенобиотиктермен ластануына байланысты тұрақты тексеріс жүргізу қызметі үлкен мәнге ие болып отыр. Салауатты тамақтану саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты – халық денсаулығын сақтау, нығайту, балалармен ересектердің дұрыс тамақтанбауынан туындайтын аурулардың алдын алу. Әрбір адамның азық-түлік заттарын дұрыс пайдалануы денсаулықты нығайтуға көмектеседі. Дұрыс тамақтану денсаулықтың және ұзақ өмір сүрудің басты факторы болып табылады.

Дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары:

1.Тағамның құрамында негізгі қоректік заттар (белок, көмірсу, май) болуы тиіс.

2.Тамақ рационында (дәрумендер, минералды заттар) болуы тиіс.

3.Тамақ нәрлілігінің адамның жасына, мамандығына, денсаулық күйіне, табиғи-климаттық жағдайларына сәйкестігі.

4.Тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау.

5.Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес болуы керек.

Сан алуан азық-түліктердің ішінен өзімізге пайдалы, дәрумендерге бай, құрамында жасанды бояғыштар мен канцерогенді заттары жоқ тағамды таңдау үшін тұтынушы таңдау жағынан сауатты болғаны дұрыс. Қандай да тағамды сатып алмас бұрын, сыртқы қорабына, сақталуына назар аударып, құрамдағы компоненттерімен танысып алу қажет. Кеден Одағының Техникалық регламентінің 022/2011 «Азық-түліктердің таңбалануы туралы» бөлігіне сәйкес, сатушы Сізге тауар туралы толық, әрі нақты ақпаратты беруге міндетті.

Сапалы азық – денсаулық кепілі екенін ұмытпайық!

Ақерке ЖЕТКЕР,
Қазалы аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бас маманы

Еске алу

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық, ардагерлер кеңесі Қазалы ауданының Құрметті азаматы, құрылыс және теміржол саласының құрметті ардагері

ҚАЛДЫБЕКОВ САЛМЫРЗА ҚАЛДЫБЕКҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru **Таралымы 11707 дана.**